Қазақстан Республикасы
Ақтөбе облысы, Байғанин ауданы
"Ақтөбе облысының білім басқармасы,
Байғанин аудандық білім бөлімі"
мемлекеттік мекемесінің
"Қ.Жазықов атындағы орта мектебі"
коммуналдық мемлекеттік мекемесі
№ 19
«16» 04 2025ж

**2024 жылғы 14-21 қазан аралығында «Актөбе облысының білім басқармасы, Байғанин аудандық білім бөлімі» мемлекеттік мекемесінің «Қ.Жазықов атындағы орта мектебі» КММ-не жүргізілген мемлекеттік аттестаттау қорытындысында анықталған кемшіліктерді жою барысы туралы**

## Анықтама

**1.Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың жалпы білім беретін оқу бағдарламаларын іске асыратын білім беру ұйымдарын бағалау өлшемшарттарының 9.3 тармағы талабына сәйкес келмейді, өйткені 1 педагог (Г.Төлеш, еңбек өтілі 39 жыл) бес жылда бір рет біліктілік санаты деңгейін арттырмаған(растамаған); Әдістемелік ұсынымның 5 қосымшасы бойынша тәрбиеленушілерге арналған оқу-әдістемелік кешендер туралы мәлімет ұсыну.**

**Орындалуы:**

А) Актөбе облысының білім саласында сапаны қамтамасыз ету департаментінің «Қ.Жазықов атындағы орта мектебі» КММ-ін мемлекеттік аттестациядан өту барысында анықталған Қазақстан Республикасы Оқу-ағарту министрінің 2022 жылғы 31 тамыздағы №385 бұйрығына 1-қосымша «Мектепке дейінгі ұйымдар қызметінің үлгілік қағидалары» 2 тарауының 24 тармағы «Мектепке дейінгі ұйымдар мен мектепалды сыныптарының педагогтері өз қызметінде тиісті кәсіптік құзіреттерге ие болуы ,өзінің кәсіби шеберлігін ,зерттеу зияткерлік және шығармашылық деңгейін үздіксіз жетілдіруі ,оның ішінде кемінде бес жылда бір рет біліктілік санаты деңгейін арттыруы тиіс делінген.

Төлеш Гүлсім Сәлиқызы 2016 -2017 оқу жылы аяғына дейін бастауыш мұғалімі болып қызмет атқарған. Осы уақытқа дейін өз уақытымен біліктілік санатын арттырып отырған.14.04.2016 жылы «Бірінші санатты бастауыш сынып мұғалімі» санаты бекітілген. Дипломына байланысты 01.09.2018 жылы мектеп алды даярлық тәрбиешісі болып ауыстырылды. Аталған кемшілікті жою барысында біліктілікті арттыру тестіден «педагог-модератор» санатының балын қорғап шықты және «Өрлеу» біліктілікті арттыру ұлттық орталығы» АҚ филиалы Ақтөбе облысы бойынша кәсіби даму институтының» ұйымдастыруымен «Мектепалды даярлықтың тәжірибелік және мазмұндық аспектілері» тақырыбында өтетін курсқа 24.06-04.07.2024 осы уақыт аралығында 72 сағаттық біліктілікті арттыру курсынан өтті.Тіркеу номері 0749400. Барлық құжаттары «Ұстаз»платформасында 100 пайыз жүктеліп тұр. Сертификат,куәлік көшірмелері 1 қосымшада салынды.

Ә)Қағиданың 1 тарауының 9 тармағында «Мектепке дейінгі ұйымдарды жабдықтармен және жиһазбен қамтамасыз ету «Мектепке дейінгі,орта білім беру ұйымдарын ,сондай-ақ арнайы білім беру ұйымдарын жабдықтармен және жиһазбен жарақтандыру нормаларын бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Білім және Ғылым министрінің 2016 жылғы 22 қаңтардағы №70 бұйрығына сәйкес жүзеге асырылады» деп көрсетілген. Әдістемелік ұсынымның 4 қосымшасына сәйкес мәлімет ұсынылды. Анықтама 1 қосымшада салынды.

Б)Ерекше білім берілуіне қажеттілігі бар адамдар үшін Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2022 жылғы 12 қаңтардағы №6 бұйрығына сәйкес 2021-2022,2022-2023,2023-2024 оқу жылдарында ерекше білім беруді қажет ететін тәрбиеленушілер болмағандығы туралы анықтама қоса ұсынылды. Анықтама 1 қосымшада салынды.

В) ҚР Білім және ғылым министрінің 2020 жылғы 22 мамырдағы №216 бұйрығына сәйкес мектепке дейінгі ұйымдарға арналған оқу-

әдістемелік кешендермен қамтамасыз ету жағдайы бойынша ақпарттық ресурстар және кітапхана қоры әдістемелік ұсынымның 5 қосымшасына сәйкес оқу әдістемелік кешендері туралы мәлімет 1 қосымшада ұсынылды.
Қосымша 1

**2.Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың жалпы білім беретін оку бағдарламаларын іске асыратын білім беру ұйымдарын бағалау өлшемшарттарының 9.5 тармағы талабына сәйкес келмейді, өйткені «Мектеп жасына дейінгі балалардың біліктері мен дағдыларының дамуына мониторинг ұйымдастыру мен жүргізудің» әдістемелік ұсынымдарына сәйкес (ҚР БҒМ 2020 жылғы 24 қыркүйектегі №412 бұйрығы) ұсыну.**

**Орындалуы:** Қазақстан Республикасы білім және ғылым министрлігі «Мектепке дейінгі балалық шақ» Республикалық орталығының Ғылыми әдістемелік кеңесінде қаралып ,2020 жылғы 28 қыркүйектегі №5 хаттамасымен қолдануға ұсынылған «Мектеп жасына дейінгі балалардың біліктері мен дағдыларының дамуына мониторинг ұйымдастыру мен жүргізудің» әдістемелік ұсынымдары ұсынылды. Мәліметтер 2 қосымшада ұсынылды.
Қосымша 2

**3. Бастауыш, негізгі орта және жалпы орта білім берудің жалпы білім беретін оқу бағдарламаларын іске асыратын білім беру ұйымдарын бағалау өлшемшарттарының 12.10 тармағы талабына сәйкес келмейді, өйткені 10-11 сыныптарға АӘжТД пәнінен сабақ беретін педагогтың диплом бойынша білімі Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2009 жылғы 13 шілдедегі «Педагог лауазымдарының үлгілік біліктілік сипаттамаларын бекіту туралы» №338 бұйрығының 3-тарауы 8-параграфы 70 – тармағы «Бастапқы әскери оқыту және дене тәрбиесі оқытушысы» мамандығы бойынша жоғары және (немесе) жоғары оқу орнынан кейінгі білім; «Запастағы офицер» , офицерлік құрам лауазымдарында жоғары (орта) әскери немесе педагогикалық білімі немесе педагогикалық қайта даярлығын растайтын құжаты бар әскери қызметі болған жағдайда» талабына сай қарастырылмаған (Мырзанов Нұрберген Баубекұлы, білімі – арнаулы орта, Ақтөбе құрылыс-монтаж колледжін 2016 жылы, дене шынықтыру және спорт мамандығы бойынша бітірген.); ҰБДҚ-да мектепте интернет нүктесі қосылғаны, интернет жылдамдығы туралы мәлімет жоқ; 1-4 сынып оқушылары үшін жеке пайдалану үшін жабдықталған шкафтар туралы мәлімет берілмеген; Бес педагогтің біліктілік арттыру курсынан өтпегеніне 3 жылдан асып кеткен (Н.Мырзанов, К.Жүгініс, Ф.Айтжан, Ж.Енсегенова, Ғ.Нарынбай); Басшы кадрларының біліктілігін арттыру курсынан өткені туралы мәлімет ұсыну.**

**Орындалуы**:
А) Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2009 жылғы 13 шілдедегі «Педагог лауазымдарының үлгілік біліктілік сипаттамаларын бекіту туралы» №338 бұйрығының 3-тарауы 8-параграфы 70 – тармағы «Бастапқы әскери оқыту және дене тәрбиесі оқытушысы» мамандығы бойынша жоғары және (немесе) жоғары оқу орнынан кейінгі білім; «Запастағы офицер» , офицерлік құрам лауазымдарында жоғары (орта) әскери немесе педагогикалық білімі немесе педагогикалық қайта даярлығын растайтын құжаты бар әскери қызметі болған жағдайда» талабына сай қарастырылмаған (Мырзанов Нұрберген Баубекұлы, білімі – арнаулы орта,

Ақтөбе құрылыс-монтаж колледжін 2016 жылы, дене шынықтыру және спорт мамандығы бойынша бітірген.).Аталған кемшілік жойылды. АӘжТД пәні вакансияға салынып конкурс жарияланды. Мырзанов Н.Б өз пәні бойынша денешынықтыру пәні мұғалімі болып ауыстырылды ауысты.Бұйрық көшірмесі 3 қосымшада қоса жалғанды.

Ә) ҰБДҚ-да мектепте интернет нүктесі қосылғаны,интернет жылдамдығы туралы мәлімет ұсынылмады делінген.Аталған кемшілік жойылып интернет келісім шарты мен интернет жылдамдығы туралы мәлімет 3 қосымшада ұсынылды.

Б) №70 бұйрықпен бекітілген тізбеде оқулықтарды,аяқ киімді,спорттық керек-жарақтарды және сыртқы киімді сақтауға арналған жеке шкаф көзделген.1- 4 сынып оқушылары үшін жеке пайдалану үшін жабдықталған шкафтар туралы мәлімет берілмеді делінген.Аталған кемшілік жойылып, мәлімет 3 қосымшада ұсынылды..

В) Қазақстан Республикасының «Педагог мәртебесі туралы»заңының 18 бабының 1-тармағына сәйкес тиісті бейіні бойынша үш жыл ішінде кемінде 72 сағат көлемінде педагогтердің және білім беру ұйымдарының басшы кадрларының біліктілігін арттыруды кемінде үш жылда бір рет қамтамасыз ету.Бес педагог біліктілік арттыру курсынан өтпегеніне 3 жылдан асып кеткен.

Аталған кемшілік жойылып, педагогтар біліктілік арттыру курстарынан өтті.

1.Мырзанов Нұрберген Баубекұлы АӘжТД пәнінің мұғалімі, «Өрлеу» біліктілікті арттыру ұлттық орталығы» АҚ «Алғашқы әскери және технологиялық дайындық педагог-ұйымдастырушыларының пәндік құзіреттіліктерін дамыту » тақырыбында 07.10-18.10.2024ж. аралығында 80 академиялық сағат көлемінде курстан өтті. Берілген күні-18.10.2024 ж, тіркеу номері-0750379.

2. Енсегенова Жанылсын Ескуатовна, бастауыш пән мұғалімі, «Өрлеу» біліктілікті арттыру ұлттық орталығы» АҚ «Бастауыш мектепте құндылыққа бағдарланған тәсілді жүзеге асыру» тақырыбында 80 академиялық сағат көлемінде курстан өтті. Берілген күні 01.11.2024 жыл, тіркеу номері-0751561.

3. Жүгініс Кұлпаш Аманалықызы математика пән мұғалімі«Өрлеу» біліктілікті арттыру ұлттық орталығы» АҚ «Математиканы оқыту қазіргі тенденциялар мен әдістемелер» тақырыбында 80 академиялық сағат көлемінде курстан өтті. Берілген күні 22.11.2024 жыл, тіркеу номері 0751975

4. Айтжан Фарадей Жұбанғалиұлы физика пәнінің мұғалімі, «Өрлеу» біліктілікті арттыру ұлттық орталығы» АҚ «Физика бойынша білім мен дағдыларды қалыптастырудың заманауи білім беру технологиялары» тақырыбында 80 академиялық сағат көлемінде курстан өтті. Берілген күні 11.10.2024 жыл, тіркеу номері-0750315.

5. Нарынбай Ғалия Ығылманқызы бастауыш пән мұғалімі.Қазіргі уақытта зейнеткерлік демалыста.Зейткерлікке шыққан уақыты: 16.11.2023 ж

| № | Аты -жөні | Лауазымы | Тақырыбы,сағат саны |
|---|---|---|---|
| 1. | Казиева Флюра Коныратбаевна | Мектеп директоры | Білім берудегі менеджмент 80сағат Өткен орны :Педагогикалық шеберлік |

| | | | |
|---|---|---|---|
| | | | орталығы.Берілген күні:07.03.2025ж. Тіркеу номері:088418 |
| 2. | Бердешова Ұлбосын Саменкызы | Директордың оку ісі жөніндегі орынбасары | Білім берудегі менеджмент 80сағат Өткен орны :Педагогикалық шеберлік орталығы. Берілген күні:15.11.2024ж. Тіркеу номері:118825 |
| 3. | Қуанышқали Еркебұлан Қуанышқалиұлы | Директордың тәрбие ісі жөніндегі орынбасары | Білім беру ұйымдарында жағымды тәрбие ортасын қалыптастыру 40 сағат Өткен орны :»Адамның үйлесімді дамуы ұлттық институы» коммерциялық емес акционерлік қоғамы Берілген күні:01.12.2023ж. Тіркеу номері:0038135 |

Аталған педагогтердің біліктілік арттыру курстары туралы мәліметтер 3 қосымшада ұсынылды
Қосымша 3

**4. Бастауыш, негізгі орта және жалпы орта білім берудің жалпы білім беретін оқу бағдарламаларын іске асыратын білім беру ұйымдарын бағалау өлшемшарттарының 14.2 тармағы талабына сәйкес келмейді, өйткені ЖБП үлгілік оқу бағдарламалары мен Қазақстан Оқу-Ағарту министрінің 2022 жылғы 3 тамыздағы №348 бұйрығымен бекітілген бастауыш, негізгі орта және жалпы орта білім берудің мемлекеттік жалпыға міндетті білім беру стандарты талаптарына сәйкес тиісті білім беру деңгейінің әрбір білім беру саласы (және оқу пәндеріне) бойынша білім алушылардың дайындық деңгейіне (оқытудан күтілетін нәтижелер) қатысты талаптары толық сақталмаған (қорытындының 14.2 бөлімінде көрсетілген).**

**Орындалуы**:

А) Қазақстан Оқу-Ағарту министрінің 2022 жылғы 3 тамыздағы №348 бұйрығымен бекітілген бастауыш, негізгі орта және жалпы орта білім берудің мемлекеттік жалпыға міндетті білім беру стандарты талаптарына сәйкес тиісті білім беру деңгейінің әрбір білім беру саласы (және оқу пәндеріне) бойынша білім алушылардың дайындық деңгейіне (оқытудан күтілетін нәтижелер) қатысты талаптары толық сақталмағандығы жөнінде айтылған .Аталған кемшілікті жою барысында электронды журналда қателік жіберген пән мұғалімдері Бекзатханова Г.Б,Орынбасар М.А,Сарсенов К.И, Бермағанбетова Қ.Ж, Нарымбаева М.Ж,Жүгініс К.А,Шырдабаева Л.Е, Қоянбай Г.Е, Абилхайова Ж.Г аты аталған педаготарға мектеп директорының бұйрығымен ескерту беріліп,түсініктемелері алынды.Оқу ісі жөніндегі орынбасар Ұ.С.Бердешовадан өз жұмысына салғырт қарағаны үшін ескерту беріліп ,түсініктеме алынды.

Аталған кемшіліктер жойылып, түсініктемелер мен бұйрықтар 4 қосымшада жалғанды

Қосымша 4

«Қ.Жазықов атындағы орта мектебі»

КММ-нің директоры: Ф.К.Казиева